

**Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 47 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 6 наурызда № 5265-06 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Атырау облысының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. "Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 24 ақпандағы № 47 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5142-06 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атырау облысының әкімі*

*С. Шапкенов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Атырау облыстық мәслихаты

Атырау облысы әкімдігінің  
2025 жылғы 28 ақпандағы  
№ 47 қаулысына қосымша

**Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының Тізбесі**

## 1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

аудандық (қалалық) аурухананың, аудандық (қалалық) емхананың, аудандық (қалалық) диспансердің, медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының, туберкулезге қарсы санаторийдің, паллиативтік көмек ауруханасының, жедел медициналық жәрдем станциясының басшысы;

аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

құрылымдық бөлімшелер бөлімшесінің, қызметінің, бөлімінің (оқу-қосалқы, медициналық статистика, ұйымдастырушылық-әдістемелік және статистикалық, ақпараттық-талдау, педагогикалық) басшылары, клиникалық (сәулелі диагностика, функционалдық диагностика, физиотерапия және емдік денешынықтыру, стоматология кабинеті немесе бөлімшесі) және параклиникалық бөлімшелерінің (зертханалардың) меңгерушілері;

аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі;

барлық мамандықтағы дәрігерлер;

мейіргер, провизор (фармацевт);

денсаулық сақтау саласындағы сарапшы-маман, зертхана маманы, қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер), сәулелік жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер, психолог маман;

фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), тіс дәрігері (дантист), тіс технигі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), рентген зертханашысы, медициналық тіркеуші, диеталық мейіргер, нұсқаушы-дезинфектор;

әлеуметтік қызметкер.

## 2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер басшысы;

Мансап орталығының басшысы;

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) уақытша болу ұйымы директорының әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары, бас бухгалтері;

Мансап орталығының сектор басшысы;

Мансап орталығы бөлімінің басшысы;

барлық мамандықтағы дәрігерлер;

емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер;

психолог, дефектолог;

еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің маманы, мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы), музыкалық жетекші;

бухгалтер, экономист, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер;

Мансап орталығының ассистенті.

### 3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

әдістемелік кабинеттің (орталық), психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация кабинеттерінің басшысы;

Аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары, бас бухгалтері, бас экономист, кітапхана меңгерушісі;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның оқытушысы, оның ішінде бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның оқытушы-шебері;

мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дифектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), мұғалім-логопед, бастапқы әсери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндіріске үйрету шебері, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологі ;

тәрбиелеуші, тәрбиелеуші-ана, әдіскер (негізгі қызметтердің), дене шынықтыру жетекшісі (негізгі қызметтердің), музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің), қосымша білім беретін педагог, ұйымдастырушы педагог, жаттықтырушы-оқытушы, әлеуметтік педагог, логопед, психолог, зертханашы;

педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологін қоспағанда);

барлық мамандықты дәрігерлер, мейірбике (мейіргер), емдәмдік мейірбике;

оқу-өндіріс шеберхананың басшысы (меңгерушісі);

кітапханашы, бухгалтер, экономист, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, программист;

шаруашылық меңгерушісі.

### 4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлік бойынша басшының орынбасарынан басқа);

ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас: қор сақтаушы, суретші;

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын сектор басшысы;

ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлім басшысы;

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас бухгалтері;

музейлер қорын есепке алу архивисті, тарихшы (негізгі қызметтер), өнертанушы, палеограф, қор сақтаушы, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер), экскурсовод;

археограф, архивист, суретші – реставратор;

бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары, бас бухгалтері;

аға жаттықтырушы;

барлық мамандықтағы дәрігер;

(мамандандырылған) медициналық бике/аға;

әдіскер, жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы;

нұсқаушы-спортшы, нұсқаушы (нұсқаушы-спортшыдан басқа);

спорттық құрылыс меңгерушісі;

бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, экономист;

мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің басшысы.

6. Орман шаруашылығы мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеме басшысы;

мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;

мемлекеттік мекеме орманшылық басшысы (орманшы);

мемлекеттік мекеме орманшылық басшысының орынбасары (орманшының көмекшісі);

орман өрт сөндіру стансасының басшысы;

механик;

эколог, орманшы (инспектор), аңшылықтанушы, орман (учаске) шебері,

орманды күзету және қорғау жөніндегі бас инженері (табиғи кешендерді қорғау және күзету жөніндегі бас инженер), орман шикізаты ресурстары бас инженері (орман пайдалану бас инженері), орманды қалпына келтіру жөніндегі бас инженер (ормандарды қалпына және орман өсіру жөніндегі инженер), бас инженер орман патологы, орман шаруашылығының бас инженері, орман кадастры жөніндегі бас инженер, рекреация және туризм жөніндегі бас инженер, экологиялық ағарту жөніндегі бас инженер, табиғатты пайдалану жөніндегі бас инженер, орманды күзету және қорғау жөніндегі инженері (табиғи кешендерді қорғау және күзету жөніндегі инженері), орман шикізаты ресурстары инженері (орман пайдалану инженері), орманды қалпына келтіру жөніндегі инженері (ормандарды қалпына және орман өсіру жөніндегі инженері), инженер орман патологы, орман кадастры инженері, экологиялық ағарту инженері, орман шаруашылығының инженері, инженер (ұшу аппараттарын пайдалану бойынша), инженер-инспектор, инженер-таксатор, электроника-инженері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер, инженер-бағдарламашы (бағдарламашы), жабдықтау жөніндегі инженер, ғимараттар мен құрылыстар жөніндегі инженер, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету инженері, жабдықты жөндеу және баптау жөніндегі инженер, инженер-энергетик;

мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері;

кадр жөніндегі инспекторы, күзетші.